АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ләззат БАЗАРБАЕВА*

Аннотация: Бұл мақала Қазақстандағы жалпыға ортақ білім беру мекемелерінде ағылшын тілі пәнін оқыту барысында оқушыларға қолданылатын заманауи инновациялық әдіс-тәсілдер туралы жазылған. Мақала қазіргі таңдағы кеңінен қолданылып келе жатқан инновациялық әдіс-тәсілдерді зерттеуге арналған. Ағылшын тілі пәнінде маңызды төрт дағды бар; тыңдалым, оқылым, жазылым және сөйлеу дағдылары, сол төрт дағдының пәнді оқыту барысында теңдей қолданылуы маңызды. Себебі, оқушылардың төрт дағдыны толықтай меңгере білулері қажет. Осы мақалада зерттелген әдіс-тәсілдер осы төрт дағдының меңгерілу барысы бойынша жазылды.

Кілт Сөздер: *Ағылшын Тілі, Әдіс-Тәсілдер, Орта Мектеп, Инновация*

Innovative Methods Used in Teaching English Language to Secondary School Students

Abstract: This article is written about the modern innovative methods used by students in the course of teaching the English language in public educational schools in Kazakhstan. The article is devoted to the study of innovative methods that are widely used today. There are four important skills in English; listening, reading, writing and speaking skills, it is important that these four skills are used equally during the teaching of the subject. This is because students need to be able to fully master four skills. The methods studied in this article were written according to the process of learning these four skills.

Key Words: *English Language, Methods, High School, Innovation*

Кіріспе

Еліміздегі білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесінен әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениеттік әлемдегі ақпараттық даму жаңа технологияларды пайдалануды қажет етуде. Өйткені, бүгінде ғылым мен техниканың даму қарқыны білім беру саласында жаңа технологиялық әдістер мен инновациялық құрал-жабдықтарды мейлінше қажет етеді.

Инновациялық қызмет (технология) дидактикалық үрдістің барлық қырларына қатысты болады: ұйымдастыру формалары, оқыту мазмұны мен тех- нологиясы, оқу-танымдық қызмет. Оқытудың келесі интерактивті технологиялары ерекшеленіп, жан-жақты сипаттала түсті: жобалап оқыту технологиясы, компьютерлік технологиялар.

Интерактивті оқыту технологиясының формалары мен әдістері, соның ішінде проблемалық дәріс, семинар-диспут, оқу дискуссиясы, «миға шабуыл», дидактикалық ойын және т.б.

Бүгінде білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялары пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда.

Бұл мақалада Қазақстандағы жалпы білім беретін ұйымдарда Ағылшын тілі пәнін оқыту барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану және олардың тиімді-тиімсіз жақтарын салыстырылады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбегейлі өзгерістер әкелді. Сол өзгерістермен қатар дамып келе жатқан білім саласы да күннен күнге жаңалықтарымен өзгеріп жатыр. Білім саласының дамуы еліміздің дамуы болып саналады.

Білім саласында қызмет атқарып келе жатқан педагог ұстаздарымыздың біліктілік санаттарының көтерілуімен қатар оларға қойылатын талаптар да күшейтілуде. Білікті ұстаздарымыз қазіргі жаһандану дәуірінде оқушыларға саналы тәрбие, сапалы білім беру мақсатында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушыларды өз пәніне қызықтыруда.

* Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ш.Бектасов атындағы №38 жалпы орта мектебі Ағылшын тілі пәні мұғалімі, Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, lazzatqazaq@gmail.com

DOI :10.30546/100981.1.2024.0256

Қазіргі оқыту әдістемесіндегі заманауи бағдар деп инновациялық білім беру жүйесін атауға болады. Ал «Инновация» (лат. тілі. – жаңа, өзгеру деген мағынасын білдіреді) термині түрлі элементтер жүйесі мен солардың аясындағы сандық және сапалық өзгерістерді білдіреді (Шамшыракова, 2007: 12).

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, яғни, инновациялық үрдістерді мазмұнды ұйымдастыруды анықтайды. Инновация ұғымы алғаш рет XIX ғасырда мәдениеттанушылар зерттеулерінде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің келесі бір мәдениетке енгізген жаңа элементі деген ұғымды берді. Инновация білім беру мақсатында, оқыту технологиясында, білім беру жүйесінде түрліше қызмет атқарады.

Инновациялық технологиялар оқыту үрдісінде білім сапасын заман талабына сай етіп, жаңашыл бағытта білім алушыларды толық қамтамасыз етеді, жаңаша оқыту жүйесіне бейімдейді.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілі пәнінде қолданудың тиімділігі артуда. Ағылшын тілін үйрету әдістемесі, тілді саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс - тәсілдерді, технологияларды қолданған тиімді болмақ?

Ағылшын тілін оқытудың әртүрлі тәсілдері бар, ең бастысы - өзіңізге және сіздің оқушыларыңыздың деңгейіне сәйкес келетін әдістерді таңдай білу керек. Әр мұғалім ағылшын тілін оқытудың өзіндік әдісін таңдайды. Компьютерлік құралдар мен телекоммуникация желілерінің дамуына байланысты жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы білім беру жүйесін дамыту мен жетілдірудің негізі ретінде сапалы жаңа ақпараттық-білім беру ортасын құруға мүмкіндік берді.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің алдындағы бірнеше міндеттердің бірі – оқушыларды сауатты оқу, жазу, сөйлеуге үйрету. Сауаттылықтың негізгі алғышарты – тілдің грамматикасын меңгерту болып табылады.

Қазіргі таңда ағылшын тілі грамматикасын оқытып үйретуде мынандай әдіс-тәсілдер қолданылуда:

- Кестелер, тірек – сызбалар.
- Грамматикалық ойындар.
- Тест тапсырмалары (Сақтағанова, Алиева, Айтбаева, 2006: 43)

Ағылшын тілі пәнінде де шығармашылыққа, интеллектіні дамытуға берілетін тапсырмаларды қолданудың өз орыны мен тиімді жақтары бар. Бұл сабақтар балалар үшін өте қызықты сабақтардың біріне айналды. Оқушылардың ең алдымен тіл үйренуге деген құлшынысы артады. Есте сақтау қабілеті дамиды. Алғаш заттарды салыстыру, ұқсастығын, айырмашылығын анықтау сияқты қарапайым тапсырмалардан басталған жаттығулар бірте-бірте баланың тез ойлап, шұғыл шешім қабылдауын талап ететін, оны жан-жақты дамытуға әсер ететін тапсырмалар түріне ауыса бастады.

Ағылшын тілінің мектепте тілден берілетін білім жүйесіндегі негізгі шетел тілі ретінде таңдалып алынуы көптеген факторлардан туындайды. Олар: әлеуметтік лингвистикалық: адамзат тарихында бірде бір тілге тән болмаған қызметті атқаратындықтан қазіргі әлемде әмбебап құрал болуымен байланысты;әлеуметтік мәдениеттік: Ағылшын тілді мәдениеттің қазіргі әлемдегі мәдениеттің өзара байытылуына әкелетін, мемлекеттерге және континенттерге әсерін тигізетін транс-мәдениет, халық туралы білім көзі болып табылатындықтан; экономикалық: әлемдік экономикалық кеңістіктегі ықпалдасуда әлеуметтік қалыптасу және өсу кезеңінің құралы болып табылатын іскерлі ағылшын тілінің негіздерін меңгеруді

бағамдайтындықтан; ақпараттық: ғылыми-техникалық ақпараттар легі ағылшын тілінде сақталатындықтан, ағылшын тілінің бүкіл әлемдік Интернет тілі болып отыратындығынан мектептегі ағылшын тілін оқытудың жаңартылған мазмұны әлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек (Качалова, Израилевич, 2003).

Мектепте жеке тұлғаның тілдік жүйесінің дамуына көп көңіл бөлінеді. Тілдік жүйенің дамуы дегеніміз – жеке тұлғаның тілді меңгеруі. Бүгінде әлем бір орында тұрмайды. Жаңа ашылулар, технологиялар шығып жатыр. Мектеп оқушыларының ойында ағылшын тілін болашақ мамандық үшін, интернет пайдалану үшін, ағылшын тіліндегі әндерді түсіну үшін, саяхаттау үшін, шетелдік достармен сөйлесу үшін қолданамыз деген ойларынан алшақтату керек. Ағылшын тілін игеру болашағыңның ғана емес, тұтастай ұлтыңның болашағының жарқын болуының кепілі екенін ұмытпау қажет.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады (Ботағарина, 2006: 70).

Ауызша әдіс — теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.

Көрнекі әдіс — бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады (Тубышева, 2007). Көрнекілік әдісте әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл оқушылардың сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы болып табылады.

Практикалық әдіс — практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады. Оқушының сөздік қорын молайтуда ойындардың ролі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

Ойын әдісі — оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады.

Түсіндіру әдісі – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

Сұрақ – жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірілеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады.

Интерактивтік әдіс – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады (Новщкан, Кучин, 1978). Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүдделерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр оқушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады.

Шетел тілін үйрену тұлғаның рухани жан дүниесін байытады, ой-өрістерін кеңейтеді, көркемдік талғамын тәрбиелейді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді.

Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілдік оқытуға көңіл бөлу бүгінгі заман талабы.

Еліміздің даму бағыты айқындалған қазіргі уақытта білім берудің маңыздылығы мен мәнділігіне шынайы көңіл бөлініп, сапалы білімге қол жеткізуге нақты міндеттер қойылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

Ботағарина, Г. «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 70-бет, №3, 2006 ж.

Качалова, К. Н., Е. Е. Израилевич «Практическая грамматика английского языка» Москва, «Лист Нью» 2003 г.

Новщкан, М., Кучин Н. Д. «Практическая грамматика английского языка», Москва, Изд. «Высшая школа», 1978 г.

Сақтағанова, М. С., Н. Қ. Алиева, Н. Қ. Айтбаева «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, 43-бет, №3, 2006 ж..

Тубышева, Қ. «Модульдік оқыту технолгиясын ағылшын тілі сабақ тарында қолдану», Оқыту-тәрбиелеу технологиясы, №4, 2007 ж.

Шамшырақова, Г. «Ағылшын тілін оқытудың құрылымы», 12-бет, Кәсіптік мектеп, №3, 2007 ж.